



«Белекжай» бөбекжай
менгерушісі
Ейдалиева

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі
Тақырыбы: «Табиғаттың гүлденуі»



Ортаңғы топ «Ақбота»

Тәрбиеші: Ж.С.Төлегенов

Шымкент 2023 ж

Ұйымдастырылған ашық іс- әрекеті

Шымкент қаласы №29 «Ай-Керім» бөбекжай бақшасы

Тобы : «Ақбота» Ортаңғы

-Физикалық дамыту;

-Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

-Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту;

Тақырыбы: «Табиғаттың гүлденуі»

Мақсаты: Баларға табиғат жайлы түсініктерін қалыптастыру,өлі және тірі табиғатты айыра білуге үйрету.Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.Табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға,қадірлей білу және қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Білімділік міндеті: Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып,тілдерін қызықты ойындар арқылы эмоциялық сезімдерін дамыту.

Дамытушылық міндеті: Табиғатқа деген түсініктерін арттыру

Көрнекіліктер: Тақырып бойынша слайд,зерттеуге керекті заттар,суреттер, ойындар таратпа құралдар

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы.	Сәлеметсіңдерме балалар! Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Ендеше бір-бірімізге деген жылы лебіздерімізді білдіріп таңғы шаттық шендерін жасайық. «Қайырлы күн!» Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз! Қайырлы күн! Ормандар мен далалар. Қайырлы күн! Достасқан бар балалар. Қайырлы күн! Біздің балабақшамыз. Қайырлы күн,қонақтар!	
Ұйымдастырушы ізденушілік	-Бүгін сендермен осы табиғат ұғымымен тереңірек танысамыз. Тыныштық сәті: Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау. -Балалар не естідіндер? -Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады. • Табиғат екіге бөлінеді. Ол тірі табиғат және өлі табиғат. Тірі табиғатқа: ағаш,шөп,гүл,адамдар,андар,құстар жатады, олар өседі, дем алады, көбейеді, қоректенеді. Өлі табиғатқа: су,тас, құм,ауа жатады, олар өспейді,дем алмайды денесінде жаны жоқ, қоректенбейді.	Балалар мұқият тыңдайды Желдің үілдегенін, жаңбырдың жауғанын, құстардың мен жан-жануарлардың дыбыстарын естідік. Бұтақтарды сындырмай

	Балалар табиғат туралы өлең шумақтарымызды айтайықшы. Жарайсындар балалар ендеше біз табиғатқа зерттеу жасап көрейік.. -Балалар, зерттеуді бастамас бұрын біз орталыққа бөлініп алайық. (судың, топырақтың, желдің суреттері бар карточкалар тарату арқылы үш орталыққы бөлу) 1-орталық -Балалар назарларыңды экранға аударындаршы. -Сылдырап ағып жатқан не екен? -Дұрыс бұл су. -Ал судың қандай пайдасы бар? -Су балалар өлі табиғатқа жатады. Суды біз ішеміз, жуынамыз, тамақ пісіреміз, шәй қайнатамыз, кір жуамыз. Бақшаны, гүлдерді суғарамыз. Су адамдарға, жануарларға, балықтарға, өсімдіктерге өте қажет. - Ал енді суды ішіп көріңдерші. -Дәмі бар ма екен? -Балалар, суға әр түрлі заттар қосу арқылы өзгертуге болады екен. -Енді судың дыбысын ыдыстан-ыдысқа құю арқылы естиік. -Судың түсі қандай? -Судың түсін әр түрлі бояулар қосу арқылы өзгертуге болады екен. -Балалар, су туралы қандай тақпақ білеміз. -Мен сендерге жұмбақ жасырамын, шешуін табындар. Бар ма, жоқпа, оны анық білмейсің Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің? Ол не ?	Тазалықты сақтаймыз Гүл өсіріп су құйып Табиғатты қорғаймыз Бақта гүлдер тереміз Бірге ойнаймыз күлеміз Міне біздер қандаймыз Табиғатты қорғаймыз От та, суда, ауа да Жан-жануар барлығы Орман теңіз тауларда Табиғаттың байлығы Балалар үш орталыққа бөлінеді Су Судың пайдасын айтады Балалар суды ішіп, дәмін көреді Дәмі жоқ екен Суға қант немесе тұз қосып араластырып дәмін көреді Ыдыстан-ыдысқа құйып
--	---	--

- Ауа не үшін керек?
 -Балалар, қолдарыңмен мұрындарыңды жауып, демалмай тұрыңдаршы. Тыныс алмай тұра алады ма екенбіз?

-Ауаны көре аламызба?
 - Олай болса мына тұрған қалташалармен ауаны ұстап алайықшы
 - Ауаның түсі қандай?
 - Қолмен ұстауға болама?

-Мынау ауа толтырылған шар,осыны суға батырып көрейікші, бата ма екен?
 -Ауа қандай болады екен?
 -Енді ауаны сезіп көрейікші
 -Ал сендер ауа туралы тақпақ білесіңдерме?
 Ауа- воздух

дыбысын естиді
 Түссіз
 Балалар суға бояу қосып түсін өзгертеді

Ауа
 Тыныс алу үшін

Сергіту сәті:
 Күн болып күлейік,
 Гүл болып жайқалайық,
 Құсқа ұқсап ұшайық,
 Жаңбыр болып жауайық,
 Кемпірқосақ жасайық,
 Орнымызды табайық.

Жоқ
 Көре алмаймыз
 Балалар қалташаларға ауа толтырады

Әуенмен Қара түтін кіреді

Түссіз
 Жоқ

Қара түтін жайқалып тұрған әдемі гүлдерді таптап, айналаны қара түтінге орайды да шығып кетеді.Аптынша мұңлы әуенмен Табиғат Ана кіреді.

Жоқ
 Жеңіл

Табиғат ана:
 Табиғат пен тіршілік,
 Көк түтінге тұншығып.
 Аяқ асты тапталып,
 Жатыр қанша гүл солып.

Балалар желпуіштермен беттеріне желпіп ауаны сезеді

Ей адамдар күн мен гүлден жаралған,
 От сезім мен мейірім содан таралған.
 Зор қайғыдан күрсінгенде ақ ұрады дүние,
 Жаратылыс заңдылығы бұзылса,
 Сонда болар кім ие?

Жер шары дәу әлем,
 Қоршаулы ауамен.
 Ауасыз кім шыдар,

-Салеметсіңдер ме, балалар. Мен Табиғат Анамын. Көліктер шыққан улы газдар мен зауыттардың түтіндері мына айналадағы өсімдіктердің бәрін құртып жатыр. Сондықтан мен сендерге мына өсімдіктерді алып келдім. Осыны отырғызып, күтіп, баптандар, олар сендерге таза ауа береді.

Ауасыз тұншығар.
 Балалар қайталайды

	(деп Табиғат Ана қолындағы өсімдіктерді беріп, шығып кетеді) -Ия, балалар бізге таза ауа өте қажет, бірақ қазір көліктер өте көп жәнеде көптеген зауыттар бар. Міне солардан шыққан түтіндер ауаны ластап жатыр, ал лас ауа біздің денсаулығымызға өте зиян екен. Ал өсімдіктер міне осы лас ауаны өздеріне жұтып, бізге таза ауа береді екен. -Балалар қалай ойлайсындар, өсімдіктер неде өседі? 3-орталық -Енді біз үшінші топырақ орталығына барайық -Балалар топырақ бізге не үшін керек екен? -Балалар, табиғат ана әкелген гүлдерді отырғызайық -Енді осы гүлдеріміз әдемі боп өсу үшін бізге не керек? -Тағы не керек? -Міне содан кейін өсімдіктер әдемі болып өсіп, бізге таза ауа сыйлайды екен. -Көрдіндерме балалар тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен. -Кәне кім маған тақпақ айтып береді? Д/о: «Табиғатты аялайық» Әр бала табиғат түрлері бейнеленген суреттерді қырқып алып, плакатқа жапсырып, табиғатқа байланысты тиым сөздер және тілектерін айтады.	Балалар қимыл-қозғалыстар жасап айтады Ағаш, гүл, жеміс, көкеніс егу үшін Топыраққа гүлді отырғызады Су керек Күннің көзі керек Гүлім, гүлім өсе бер, Әдемі боп, асыл боп. Күндей жайнап кете бер, Қызыл, жасыл, сары боп. Балалар қайталайды -Гүлді жұлуға болмайды, гүл әсемдіктің белгісі. -Ағашты кесуге болмайды, ол бізге таза ауа береді -Суды ластауға болмайды, сусыз өмір жоқ -Күнімізді бұлт баспасын! -Көбелекті өлтірмендер, ол - әдемілік белгісі.
Рефлексифті - түзетушілік	-Барлығың да бүгінгі оқу қызметіне өте жақсы қатыстындар. -Табиғатты қорғау үшін бәріміз күресейік, Бір-бір ағаш жәнеде гүл егейік. Текке отырмай жасымыз бен кәріміз, Таза ауа үшін терімізді төгейік. -Осымен біздің оқу қызметіміз аяқталды.	Балалардың жауаптары тыңдалды

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Өлі және тірі табиғатты ажырата біледі.
Меңгеруі тиіс: Табиғат құндылығының маңыздылығын.

Үйренуі тиіс: Табиғатты аялауға, қамқорлықпен қарауға.

